


ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

1(9)2025



ӘОЖ 069.12

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМНЕН ҒЫЛЫМИ ПӘНГЕ ДЕЙІН

Г. Атабаева

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы (Қазақстан)

Аңдатпа. Қазіргі уақытта музей педагогикасы музей саласының маңызды құрылымы болып табылады. Себебі сол арқылы музейдің құрылымдық тетіктері экспозиция мен экскурсия көпшілікке танылады. Музей педагогикасы – музейтану, педагогика және психология салаларының үштігін құрайды.

XIX-XX ғғ. Еуропа және АҚШ-тың көркем өнер музейлерінде құрылымдық бөлім ретінде бастау алып, аз уақыт ішінде ғылыми пән дережесіне жетті. Халықаралық тәжірибеде музей педагогикасына арналған жүйелі зерттеулер жүргізіліп, оны дамытушы орталықтар қалыптасты. Нәтижесінде музей педагогикасы қор, экспозиция және экскурсия сынды музейдің өзіндік ажырамас бөлшегіне айналды.

Жалпы музей педагогикасының тұжырымдамасы Қазақстан музейлеріне Кеңестік кезеңде еңгізіле бастады. Қазіргі уақытта отандық музейлер өз жұмысының білім беру бағытын педагогикалық және мәдени-ағартушылық шаралар түрінде жүзеге асырып келеді.

Мақалада музей педагогикасының қалыптасу үдерісіне шолу жасау арқылы қазақстанның музей педагогикасының өзекті мәселелерін айшықтау көзделеді. Қазақстандағы музей педагогикасының қарқынын саралау назарға алынады. Оқу және тәрбие ісі музейде тұрақты түрде жүргізілетін жұмыс түрінің бірі болып табылады. Осы тұрғыда, музей педагогикасының қалыптасу кезеңін зерделеу негізінде халықаралық тәжірибені анализдеу өзекті болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Жұмыс барысында сипаттау, жүйелеу, саралау, талдау, жинақтау әдістері қолданылды.

Мақаланы дайындау үшін музей саласы бойынша маманданған Б. Столяров, Л. Шляхтина, Э. Шулепова, М. Юхневич, Ү. Мұңалбаева, А. Морозова және О. Мельникова сынды ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Тірек сөздер: музей, педагогика, экспонат, мектеп, оқушы, мәдени-ағартушылық, әдіс-тәсілдер, жолкөрсеткіш.

Сілтеме жасау үшін: Атабаева Г. Музей педагогикасы: құрылымдық бөлімнен ғылыми пәнге дейін // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), 103-109 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.12

МУЗЕЙНАЯ ПЕДАГОГИКА: ОТ СТРУКТУРНОГО ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ ДО НАУЧНОЙ ДИСЦИПЛИНЫ

Г. Атабаева

Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан» (Казахстан)

Аннотация. В настоящее время музейная педагогика является значимой структурой музейной сферы. Благодаря этому реализуются структурные механизмы музея, экспозиция и экскурсия. Музейная педагогика объединяет три сферы – музеология, педагогика и психология.

Музейная педагогика зародившись в XIX-XX вв. как структурное подразделение в европейских и американских художественных музеях, за короткое время достигла статуса научной дисциплины. В международной практике проводились систематические исследования по музейной педагогике, что способствовало формированию центров по его

развитию. В результате музейная педагогика стала неотъемлемой частью музея, такой как фонд, экспозиция и экскурсия.

Понятие музейной педагогики вошло в пространство музеев Казахстана в советский период. В настоящее время отечественные музеи реализуют образовательное направление своей работы в форме педагогических и культурно-просветительских мероприятий.

Выявление актуальных проблем музейной педагогики в Казахстане путем рассмотрения процесса становления музейной педагогики является целью данной статьи. Уделяется внимание темпу развития музейной педагогики в Казахстане. Просветительская деятельность музеев направлена на воспитание и обучение подрастающего поколения. В этом контексте актуален анализ мирового опыта на основе изучения периода становления музейной педагогики.

Материалы и методы исследования: В ходе выполнения работы были применены методы: анализирование, описание, систематизация, комплектование, разбор.

При подготовке статьи были использованы труды исследователей, специализирующихся в области музееведения Б. Столяров Л. Шляхтиной, Э. Шулеповой, М. Юхневич, У. Муналбаевой, А. Морозовой и О. Мельниковой.

Ключевые слова: музей, педагогика, экспонат, школа, обучающийся, культурно-просветительский, методология, путеводитель.

Для цитирования: Атабаева Г. Музейная педагогика: от структурного подразделения до научной дисциплины // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), с. 103-109. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.12

MUSEUM EDUCATION: FROM A STRUCTURAL DEPARTMENT TO A SCIENTIFIC DISCIPLINE

G. Atabayeva

«Azret Sultan» National Historical and Cultural Museum-Reserve (Kazakhstan)

Abstract. Today the museum education is a significant structure of the museum. Thanks to this, the structural mechanisms of the museum, exposition and excursion are implemented. Museum education combines three spheres – museology, education and psychology.

Museum education, having originated in the 19th-20th centuries as a structural department in European and American art museums, in a short time achieved the status of a scientific discipline. In international practice, systematic studies were conducted on museum pedagogy, which contributed to the formation of centers for its development. As a result, museum education has become an integral part of the museum, such as a fund, exposition and excursion.

The concept of museum education entered the space of museums in Kazakhstan during the Soviet period. Currently, domestic museums implement the educational direction of their work in the form of pedagogical and cultural-educational events.

Identification of current problems of museum education in Kazakhstan by considering the process of formation of museum pedagogy is the purpose of this article. Attention is paid to the pace of development of museum education in Kazakhstan. Educational activities of museums are aimed at educating and training the younger generation. In this context, the analysis of world experience based on the study of the period of formation of museum education is relevant.

Materials and methods of research: in the course of the work, methods of description, systematization, analysis, compilation were used.

To prepare the article, the works of such scientists specializing in the museum sphere as B. Stolyarov L. Shlyakhtina, E. Shulepova, M. Yukhnevich, U. Munalbaeva, A. Morozova and O. Melnikova.

Keywords: museum, education, exhibit, school, student, cultural and educational, methodology, guide.

For citation: Atabayeva G. Museum Education: from a Structural Department to a Scientific Discipline // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), pp. 103-109. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.12

Кіріспе. Бүгінгі таңда музей педагогикасы қор және экспозиция сынды музейдің өзіндік құрылымдық бөлшегі болып табылады. Себебі сол арқылы музейдің мәдени-ағартушылық қызметі жүзеге асырылады. Музейдің құрылымдық бөлімі ретінде қалыптасқан музей педагогикасы музейтанушылардың теориялық негіздемелері мен зерттеулері және халықаралық музейлік озық тәжірибелердің нәтижесінде ғылыми пәнге айналды.

Осы тұрғыда мақалада музей педагогикасының қалыптасу үдерісіне шолу жасау арқылы қазақстанның музей педагогикасының өзекті мәселелерін айшықтау көзделеді. Қазақстандағы музей педагогикасының қарқынын саралау назарға алынады.

Нәтижелер және талқылау. Зерттеушілердің пайымдауынша XVIII-XIX ғғ. музей ғылым мен мәдениетті насихаттаушы орталық ретінде танылды. Себебі музейдің қорын зерттеу белгілі бір ғылым саласын дамытуға септігін тигізеді. Осы кезеңде музейдің бүгінгі таңдағы өзекті құрылымдық бағыты – әлеуметтік және ағартушылық қызметі қалыптасты. Сондықтан музей саласының бұл қызметін білім беру және зерттеушілік деп пайымдауға негіз бар [Юхневич, 2001: 8].

XIX ғасырдың екінші жартысында музей қызметінің мазмұнына деген көзқарас өзгере бастады. Бұл тұста оның қызметі тарихи немесе көркемдік құндылығы бар заттарды жинақтау және сақтаумен шектелмей оның алдына жаңа міндеттер қойылды. Бұл жаңа міндеттер 1852 жылы Лондонда құрылған музейдің (қазіргі уақытта Виктория мен Альберт музейі) жұмысында айшықталды. Бұл музейдің міндеттері келесідей болып белгіленді:

- көркем өнерді қоғамның барлық өкілдері арасында кеңінен насихаттау;
- халықтың көркем өнері бойынша білім деңгейін дамыту;
- индустриалдық өнеркәсіп түрлерінің сапасын жетілдіру [Столяров, 2004: 18-21].

Болашақ Виктория мен Альберт музейінің басты мақсаты қолөнер шеберлері жасаған заттар арқылы халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуға көмек көрсету болған. Сол себепті өнеркәсіптік және сәндік қолданбалы өнер үлгілерінен жинақталған музей экспонаттары негізінде халықтың кәсіби білімінің жетілдіруге қолқабыс көрсетілді. 1880 жылдары бұл музейде білім алушыларға ғылыми-техникалық және шығармашылық тәрбие мен білім беру мақсатында мектеп мұғалімдерімен жұмыс жасайтын арнайы бөлім құрылды. Осылайша музей алғашқылардың бірі болып қоғамның басым көпшілігіне әсер етуді көздеп, музей мен мектеп жұмысын біріктірді [Столяров, 2004: 18-21].

Музейдің бұл жұмысы білім алушылардың қызығушылығы, танымы мен шығармашылық қабілетін дамытуға септігін тигізіп, музейдің жүйелі түрде білім беру қызметін негіздеді және осы бағыттағы музей саясатына өз ықпалын тигізді. Осылайша Виктория мен Альберт музейінің мақсаты мен бағыты музей педагогикасын құрылымдық бөлім ретінде қалыптастырды. Осы негізде ғалым Б. Столяров жалпы Англияны музейдің білім беру бағытын қалыптастырған алғашқы мемлекет деген пікірді ұсынады. Сондай-ақ, ол Виктория мен Альберт музейінің тәжірибесі музей мен білім беру орындары арасында байланыс орнатқан алғашқы бастамашы музей деп көрсетеді. Бұл музейде халықаралық тәжірибеде алғаш рет музейдің білім беру және тәрбие үдерісіне ықпалын кеңейту мақсатында орта мектеп мұғалімдерімен жұмыс жасау қызметі құрылды [Столяров, 2004: 22].

АҚШ-тың бірнеше музейлері Виктория және Альберт музейінің тәжірибесіне сүйене отырып, өздерінің білім беру тұжырымдамасын жасады. Мәселен, Бостон өнер музейінде «музей педагогы» лауазымы енгізілді [Муналбаева, 2012: 78].

Сонымен қатар, Детройт өнер музейінде бейнелеу өнері, археология, әдебиет және басқа да ғылым салалары бойынша жан-жақты ағарту жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, осы музейде салалық қауымдастықтар мен үйірмелер құрылған. Бұл өз кезегінде музей ісінің білім беру қырының дамуына септігін тигізді [Муналбаева, 2012: 78].

Музейтанушы ғалымдар қоғамның білімін жетілдіріп, оны өз тұрмысында қолдануына ықпал жасауды көздеген Метрополитен музейінің тәжірибесін ерекше атап өтеді. Музейдің білім беру қызметінің қалыптасу кезеңінде Метрополитен музейі алғашқы болып келушілермен әртүрлі форматта жұмыс жасады. Мәселен, халық арасында музейге бару мәдениетін қалыптастыру мақсатында дәрістер мен концерттер өткізді, зал экспозициясын тегін тамашалауға мүмкіндік беріп, музей бағытындағы қоғамдық көлікте тегін жүру енгізілді [Муналбаева, 2012: 80].

Сонымен қатар, музей ісінің теорияшысы Д. Гудд Метрополитен музейінде музей жәдігерлері арқылы білім беру идеясын іске асырды. Д. Гуддтың идеясы бойынша экспонат немесе коллекция музейдің білім беру қызметінің негізі болып табылады. Сондықтан музейге келушілер үшін дәрістер өткізуді және оларды қажетті ақпарат – жолкөрсеткішпен қамтамасыз етуді ұсынды. Оның ұсынысын Метрополитен музейі 1906 жылы алғашқы жолкөрсеткішті жарыққа шығару арқылы жүзеге асырды. Сонымен қатар, музейде демалыс күндері дәрістер өтіп тұрған. Музейде білім беру мәселелеріне арналған арнайы «Метрополитен бюллетені» шықты. Бұл басылымда білім беру бағдарламаларын әзірлеу мәселелері талқыланды. Музейдің білім беру қызметінің негізгі аудиториясы білім алушылар болды [Столяров, 2004: 25].

АҚШ-тың музейлері келушілермен жұмыс жасау барысында жинақтаған тәжірибелеріне сүйене отырып, төмендегі бағыттар бойынша әртүрлі әлеуметтік топтағы адамдарға қызмет көрсету бағдарламасын әзірлеген:

- көпшіліктің көңілін көтеру және сергіту;
- келушілердің білімін жетілдіру;
- ізденушілерге көмек көрсету;
- балаларды музейге тарту.

АҚШ музейлері келушілерге заман талабына сай қызмет көрсететін инфрақұрылыммен жабдықталып, олардың музей экспозициясымен еркін танысуына жағдай жасады. Осы тұрғыда американдық музейтанушы А. Паркердің пайымдауынша адамар әлеуметтік институт болып табылатын музейді демалыс орны ретінде қабылдануы қажет [Столяров, 2004: 38-40].

АҚШ-тың музей педагогикасында музей мен мектептегі оқытудың ерекшеліктері айқындалды. Ол бойынша музейлік сабақта өтетін тақырыпты оқушы алдын ала мектепте өтуі қажет. Мамандар мектептің әдістемесін музейде қолданбауға кеңес берді. Яғни музей қызметкері мұғалім емес ол тек қана білім алушыны музей экспонаты немесе экспозициясымен байланыстырушы болып табылады. Бала ойы мен тұжырымын еркін түрде өзі жасауы керек [Столяров, 2004: 39].

Музей педагогикасының қалыптасуына ықпал жасап, өзіндік мектеп қалыптастырған мемлекет Германия болып табылады. Осы орайда Гамбург кунстхаллесінің директоры А. Лихтваркты ерекше атап өтуге болады. А. Лихтварк қолөнерші педагог әрі сан қырлы тұлға ретінде музей жұмысын түрлендіруге ден қойды. Оның бастамасымен музейде кәсіби шеберлердің жетекшілігімен үйірмелер мен қауымдастықтар, балалар шығармашылығына арналған көрмелер ұйымдастырылып, жас суретшілерге қолдау көрсетілді. А. Лихтварк музейде балалармен жұмыс жасауға ерекше көңіл бөлді. Оның пікірінше бала музей экспозициясымен танысу барысында өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйенуі қажет. Яғни баланың танымын кәсіби сарапшылардың

зерттеулері негізінде жасалған ақпаратпен ғана шектемей оның өзіндік түсінігін қалыптастыруды баса назарда ұстау керек [Столяров, 2004: 45-48].

А. Лихтварк экскурсияны «диалог» түрінде жүргізуді ұсынды. Бұл өз кезегінде қатысушыны пассивті тыңдаушыдан, активті қатысушыға айналдырады деп тұжырымдалды. «Музейлік диалогтар» ұғымын енгізу арқылы А. Лихтварк музей педагогикасының әдістерінің бірін қалыптастырды. Бұл әдістің мақсаты белгілі бір суретшінің ойын түсіну арқылы өнер туындыларын түсіну дағдысын дамыту болып табылады [Столяров, 2004: 50-51].

XX ғасырдың басында Германия музейлерінің білім беру бағытында жинақтаған тәжірибесі негізінде Г. Кершенштайнердің «Білім берудің теориясы» атты кітабы жарық көрді. Автор кітабында Германия музейлерінің экспозициясын педагогикалық принцип бойынша құру қажеттігін негіздеп, оны іске асырудың жолдарын белгіледі.

Г. Кершенштайнердің пікірінше музейдің педагогикалық принциптері төмендегідей:

1. Музей педагогикасының әдістері білім беру талаптары мен білім алушының психологиялық жағдайына сәйкес айқындалуы қажет;

2. Музейдегі педагогикалық үдеріс мектептің оқу жоспары бойынша құрылып, оны жүзеге асыру барысы экспозиция немесе экспонатты қолданумен ерекшеленуі қажет. Яғни музей қатысушыға технологиялық жетістік немесе көркемдік туындыны көзбен көруге мүмкіндік жасайды [Столяров, 2004: 55].

1920-1930 жж. музей мен мектептің өз ара байланысуы Германияның әлеуметтік-мәдени саясатындағы өзекті мәселенің бірі болды. Бұл мәселені шешу тәжірибелі педагогтер Л. Паллат, Д. Рихтер мен Г. Фройдентальді біріктірген Берлиндегі Білім беру және тәрбие ісі жөніндегі орталық институтқа жүктелді. Олар музейлерде тиісті педагогикалық бөлімдердің құрылуы мен музей-педагогы лауазымының енгізілуіне қол қабыс жасады. Осы кезеңде Г. Кленкенің «Музей және мектеп» атты әдістемелік құралы жарық көрді. Еңбекте Берлин қаласының музейлеріне сипаттама беріліп, олардың көллекцияларын тарих пәні барысында қолданудың әдістемесі ұсынылды [Столяров, 2004: 60-62].

Музей педагогикасы саласындағы өзекті мәселенің бірі Г. Фройдентальдің «Музей – Білім беру – Мектеп» атты кітабында көтерілді. Автордың пайымдауынша бірлескен жұмысты жоспарлаудан бұрын музей мен мектептің арасын ажыратып, олардың мүмкіндіктерінің шекарасын белгілеп алу қажет.

Г. Фройденталь музейде сабақтың сәтті өтуін төмендегі талаптардың ескерілуімен байланыстырды:

- музейде өткізілетін сабақ немесе оқушылардың музейге баруының нақты мақсаты болуы қажет;

- мұғалім мен оқушы үшін музейге келу көңіл көтеру емес жауапты жұмыс екенін ұғынып, оған алдын ала дайындалуы қажет;

- оқушылар музейге дайындықпен келіп, музейдегі мәліметтерді қабылдауға дайын болуы тиіс;

- шолу экскурсиясы мектеп оқушыларына өткізілмеуі қажет;

- музей экспозициясын баланың жас ерекшелігіне қарай әзірлеу;

- баланың музейді тамашалауы оның жеке шығармашылығымен қорытындыланады (сурет салу, өлең шығару, мүсіндер жасау және т.б.) [Столяров, 2004: 65-68].

А. Лихтварктың тәжірибесін дамыту арқылы Г. Фройденталь музейдің білім беру қызметінде дайындық, сабақ барысы және қайталау сынды кезеңдерден тұратын музейде сабақ өткізудің педагогикалық әдістемесін қалыптастырды және ұсынды. Оның пікірінше музей-педагогы оқушыларға музейде сабақ беретін маман болып табылады. 1931 жылы Г. Фройденталь алғаш рет музей педагогикасы анықтамасын музей қызметінің бағыты ретінде қолданды [Столяров, 2004: 70-75].

Жалпы музей педагогикасының қалыптасу кезеңінде оның мазмұнының негізгі ұстанымы келушілердің музей әлемімен еркін танысып, оның қыр-сырын өз тәжірибесіне сүйену арқылы қабылдауы болғанын байқауға болады.

1960 жылдары музейдің қоғамдағы рөлінің артуына байланысты музей педагогикасы ғылыми пән ретінде қалыптаса бастады. Осылайша музей педагогикасы музейтану, педагогика және психологияны ұштастыра отырып, жеке ғылыми пән болып қалыптасып, музейді мәдени-ағартушылық жүйе ретінде қарастырады. Ол өзара байланысқан танымдық, тәрбиелік, шығармашылық және әлеуметтік қызметтерді жүзеге асырады.

Музей педагогикасының музейлік білім беру бағытының негізгі мазмұнын айшықтайтын және теориялық тұжырымдардың практикалық тұрғыда іске асуын сипаттайтын анықтамалар мен ұғымдар жүйесі бар. Оларды атап өтетін болсақ музей-педагогы, музей-әдіскері, музей аудиториясы, музейдің білім беру бағдарламасы, музейлік сабақ және музей коммуникациясы болып табылады [Шляхтина, 2021: 9-13].

Қорытынды. Музей және білім беру салаларының бірлескен тәжірибесі сала мамандарын даярлауға мүмкіндік берді. Бұл үрдіс Қазақстандық жоғары оқу орындарында «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығын енгізу арқылы жүзеге асырылып келеді. Оқу бағдарламасында «Музей педагогикасы» пәні бар.

Осы тұрғыда мақаланы әзірлеу барысында отандық музей педагогикасы мәселелеріне арналған зерттеулер мен еңбектердің сирек екені анықталды. Бұл ғылыми пәннің Қазақстанда енді қарқын алып келе жатқанын ескере отырып, болашақта ғылыми жарияланымдардың қатары көбейе түседі деп ойлаймыз.

Халықаралық музейлік тәжірибе негізінде Қазақстан музейлерінде музей педагогикасының мазмұны бойынша жұмыс жасайтын құрылымдық бөлімдер бар. Қазіргі уақытта отандық музейлер өз жұмысының білім беру бағытын педагогикалық және мәдени-ағартушылық шаралар түрінде жүзеге асырып келеді.

ӘДЕБИЕТ

Музейная педагогика: Из опыта методической работы / Под ред. А. Морозовой, О. Мельниковой. М.: 2006. 416 с.

Муналбаева У.Д. Музейная педагогика. История, теория, практика: учебное пособие. Астана: 2012. 514 с.

Основы музееведения: Учебное пособие / Отв. ред. Э. Шулепова. М., 2005. 504 с.

Столяров Б.А. Музейная педагогика. История, теория, практика: Учеб. пособие. М.: Высш. шк., 2004. 216 с.

Шляхтина Л.М. Музейная педагогика : учебно-методическое пособие. Санкт-Петербург: СПбГИК, 2021. 60 с.

Юхневич М.Ю. Я поведу тебя в музей: Учеб. пособие по музейной педагогике. М., 2001. 224 с.

REFERENCES

Muzeynaya pedagogika: Iz opyta metodicheskoy raboty [Museum education: From the experience of methodological work] / Pod red. A. Morozovoy, O. Melnikovoy. M.: 2006. P. 416. (In Russian)

Munalbayeva U.D. Muzeynaya pedagogika. Istoriya, teoriya, praktika: uchebnoye posobiye [Museum education. History, theory, practice]. Astana: 2012. P. 514. (In Russian)

Osnovy muzeyevedeniya: Uchebnoye posobiye [Fundamentals of Museology: A Textbook]. / Отв. ред. E. Shulepova. M., 2005. P. 504. (In Russian)

Stolyarov B.A. Muzeynaya pedagogika. Istoriya, teoriya, praktika: Ucheb. posobiye [Museum pedagogy. History, theory, practice: Textbook]. M.: Vyssh. shk., 2004. P. 216. (In Russian)

Shlyakhtina L.M. Muzeynaya pedagogika: uchebno-metodicheskoye posobiye [Museum education: Textbook]. Sankt-Peterburg: SPbGIK, 2021. P. 60. (In Russian)

Yukhnevich M.YU. YA povedu tebya v muzey: Ucheb. posobiye po muzeynoy pedagogike [I will take you to the museum: Textbook for museum education]. M., 2001. P. 224. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Атабаева Гүлмира Маратқызы – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы Музей педагогикасы бөлімінің ғылыми қызметкері (161200, Түркістан қ-сы, Әйтеке би 1Б, Қазақстан), өнертану ғылымдарының магистрі. <https://orcid.org/0009-0007-5772-6450>. E-mail: atabayevagulmira9@gmail.com

Сведения об авторе: Атабаева Гүлмира Маратовна – научный сотрудник Отдела музейная педагогика Национального историко-культурного музея-заповедника «Әзірет Сұлтан» (161200, г. Туркестан, Әйтеке би 1Б, Қазақстан), магистр искусствоведческих наук. <https://orcid.org/0009-0007-5772-6450>. E-mail: atabayevagulmira9@gmail.com

Information about the author: Gulmira M. Atabayeva – Researcher, Department of Museum Pedagogy of the «Azret Sultan» National Historical and Cultural Museum-Reserve (161200, 161200, Turkestan c., Ayteke bi – 1B, Kazakhstan), master of arts. <https://orcid.org/0009-0007-5772-6450>. E-mail: atabayevagulmira9@gmail.com

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 07.03.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 20.03.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.03.2025.